

Кеңестік кезеңдегі лениндік ұлт саясатының «мәдени революция» арқылы көрінісі, оның зерттелуі және нәтижесі.

Алматы қаласы. әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық Университеті, тарих, археология және этнология факультетінің «Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының» оқытушысы **Ш.Т. Булгауов.**

60-шы жылдардағы зерттеушілер лениндік ұлт саясатының ажырамас бір бөлігі ретінде Қазақстан республикасындағы XX-шы ғасырдың 20-30-шы және онан кейінгі жылдардағы ғылым, мәдениет, ағарту, білім беру мәселелерінің даму тенденциясын зерттеу объектісіне айналдыра отырып, жан-жақты қарауға тырысты. Олар өздерінің тұжырымдарын міндетті түрде Совет өкіметінің социалистік құрылысымен, мәдени революцияның «табыстарымен» байланыстырды. Сол кездегі ауыртпалық, аштық, жетіспеушілік, табыстар қалайша дәлелді, орынды, болмаса теріс көрінеді, барлығын кеңес авторлардың ғылыми ойларынан, зерттеулерінен көруге болады. А.С.Елагин бүкіл Қазақстанда жоғары білімді 20 қазақ қана болған, негізінен «дәулетті, бай-феодал басшы тобынан»(А. Сембаев. История развития Советской школы в Казахстане. А., 1962.)- дей отырып, ол алдымен, ревкомдар мен Советтердің атқару комитеттерінің «көмегімен» халыққа білім беру бөлімдері «мұғалімдердің барлық тізімдерін алды». Онан соң «мектепке сабақ бере алатындар» таңдалып алынды [1]- дейді. Яғни, Совет өкіметін жақтайтын, оның саясатын елге түсіндіре алатын,... мұғалімдер қажет болды. Осы ойды К.Нұрпейсов [2] те қолдайды, ал С.Баишев «бір де бір жоғарғы оқу орнының болмағанын, қандай да болмасын ғылыми мекеменің де, т.б. мәдени ошақтарының да жоқ болғанын» жазады [3]. Алайда, бар газеттерді айта отырып («1913 жылы тек 11 газеттің, 13 кітаптің 4000-дық тиражбен жарық көрген, 139 ұсақ кітапхана және 2 әуесқой театрдің жұмыс істеген») оларды жабуға тура келгенін автор В.И.Лениннің «Егер біз билікке келсек буржуазиялық газеттерді жабатындығымызды айтқанбыз, ал жаппау деген сөз, ол социалист болмау деген сөз. Кім оны «ашыңдар» деп айтса, олар біздің социализмге кетіп бара жатқанымызды түсінбейді» (В.И.Ленин. Соч., т.26, с.253.) [4] деген сөздерімен «дәлелдеуге» тырысады.

Р.Б.Сулейменов, Х.И.Бисенов «...контрреволюциялық буржуазиялық ұлтшылдардың» жетекшілерінің бірі А.Байтұрсынов республикадағы халық ағарту комиссары болатын, ол совет баспасын «біздің халқымызға жат идеяларды ашық, болмаса бүркемелеп жеткізу үшін пайдаланды», Олардың әрекеттерінің қалыққа қарсы жағы, әсіресе «қазақ жазуын латын әрпіне көшіру тұсында анық көрінді» [5]- дейді. Авторлар 60-шы жылдары «Социалистік мәдениеттің даму жолына» байланысты бірқатар монографиялар жарық көргенін жазады [6]. С.Баишев болса проф. М.П.Кимнің «мәдени революция» жайлы айтқан тұжырымын дұрыс санайды: яғни, «мәдени революцияның басталуы ол социалистік мәдениеттің қалыптасуымен, Октябрь революциясы мен азамат соғысы тұсымен тура келеді», екінші кезеңі, «1931-1932 жылдарды камтиды, бұл кездегі социалистік құрылыста социалистік өндіріс тәсілімен

қатар мәдени құрылыс та қатар жүрді» [7]- деп көрсетеді. Автор онан арғы кезеңдерді қарастырмайды, ал Р.Б. Сулейменов, Х.И. Бисенов КПСС-тің XXII съезінің шешімдеріне сүйене отырып «1962-ші жылға қарай тарихшылардың арасында мәдени революция социализм жеңісімен, 1937-ші жылы, аяқталады деген қате пікір болды» [8]- деген ой айтады. Олар «ұлы мәдени революцияның» бірінші кезеңін 1917-1927-ші жылдар арасына жатқызады. Бұл кезеңде жаңа мәдениет, дәстүр, салт пайда болып, қалыптасты. Екінші кезеңге, Қазақстанда мәдени революцияның шешуші табыстарға жеткен – 1928-1940-шы жылдарын жатқызады. Экономикалық құрылыстағы орасан зор табыстар: «отырықшыландыру, колхоз құрылысының жеңісі, индустриаландырудың табыстары»... нәтижесінде **қазақ социалистік ұлты қалыптасты**, социалистік қоғам құрылысы тек қана экономика саласында ғана емес мәдениетте де, идеологияда да «салтанат құрды», «Қазақстан халықтарының мәдени артта қалушылығы жойылды...» [9]- дей отырып, авторлар жалпы 6 кезеңге бөлуді ұсынады [10].

Шындығында, әрине бұл бөлініс сын көтермейді, себебі кеңестік кеңістік, оның құрылысы, идеологиясы, саясаты,... бөлек-бөлек мақсатқа, идеяға арналмаған. Ол бір ғана социалистік құрылыстың жолына қызмет етеді. Оның үстіне **I-ші және II-ші кезеңдер (1917-1927 жж.)** қазақ ұлтының қалыптасуы үшін «қызмет» еткен жоқ, керісінше, оны қиратуға «дайындық» жасағаны белгілі. «Қазақстандағы мәдени революцияның шешуші табыстары» (1928-1940 жж.) деп аталатын мәдени революцияның **III** кезеңі «тәркілеу», «ұжымдастыру», «отырықшыландыру», советтерді нығайту секілді большевиктердің көшпелі қазақ мәдениетіне тікелей шабуыл жасалған, аштыққа апатына алып келген жылдарына тура келеді. Авторлар егер: «**VI**. Қазақстандағы мәдени революцияның шешуші этапының басталуы (1959 ж.)»- деп болашаққа зор үміт артса М. Сужиков олардан асып түседі: «..ұлт мәселелерін, ұлттық қатынастарға байланысты барлық проблемаларды партия «пролетарлық интернационализм» тұрғысынан шешетіндігін [12], 60-шы жылдары «советтік құрылыстың» арқасында еуропа елдерімен салыстырғанда «600-700 жылға алға кетіп қалдық,... қараңыз Қазақстанның 42 жоғары оқу орнында 163 мың студент бар, әрбір 10 мың тұрғынға 130 студенттен келеді, ал Англияда – 57, ФРГ-де - 45, Италияда – 47, Францияда – 61» [13]- деген қорытындыға келеді. Осы сөздерді Р.Б. Сулейменов, Х.И. Бисенов те қостайтынын айту керек. Олар В.И. Лениннің: «...Біздің мектеп айналасындағы жұмысымыз, ол тура сол буржуазияны құлату; біз ашық айтамыз мектеп өмірден, саясаттан тыс екені – ол өтірік және екіжүзділік» (В.И.Ленин. ПСС, т.37, с.77.) деген сөзін келтіре отырып, бүкіл Совет өкіметінің мектеп, білім, ағарту саласындағы саясаттың тек бір мақсатта, социализм үшін «жұмыс істейтінін» [14] көрсетеді. Қайшылыққа толы ойларды біз өзге авторлардан да кездестіреміз, Ю.И. Романов «Военная и экономическая помощь центральной России Казахстану в 1919-1920 гг.» деген мақаласында, қазақтың Наркомнацтағы өкілдері Москвадан 1920-шы жылғы қыркүйек айына қатысты

Қазақстанға жасалған мәдени көмектің көлемін: жеті типографиялық машина, 380 мың кітап, 30 мың дәптер – «деп көрсетеді» [15]- дейді. Алайда, автор ол көмектердің не үшін беріліп жатқанын «қозғамайды». Ал шын мәнісінде қазақ халқының 20-шы жылдары әлі «сағы» сына қойған жоқ болатын, міне сол қазақтарды, «жау» қоршауында тұрған Совет елі, тезірек өз жағына шығаруы керек еді. Малың күшпен алу бір басқа, ал қазақтардың «бетін бері қарату», яғни социалистік құрылысқа дайындау, санасын «көтеру» оңай іс емес болатын. Р.Б.Сулейменов «Из истории борьбы за ликвидацию неграмотности в Казахстане. (1933-1940 гг.)» мақаласында «мәдени революцияның шешуші табыстарын» екінші және үшінші бесжылдықтар тұсына жатқызады [16]. Бұл кезде республикада мектептер, жоғары оқу орындары, техникумдар, училищелердің саны өскен болатын. Әдебиет, өнер және ғылым «дамыды»... 1929-1931-ші жылдары «сауатын ашқандар» саны 275 мыңнан 425 мыңға «өсті» (ЦГА КазССР, 81қ., 1 т., 1562 іс, 154 п.) [17]- дейді. Дегенмен, автор «мәдени революцияның» табысын санап беріп отырған жылдардың кеңестік тоталитарлық жүйенің, саяси репрессияның күшейген, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының күйреп жатқан жылдарының тұсы екенін «көрмейтінін», тарихи объективтіліктің жоқ екенін байқаймыз.

С. Баишев те «мәдени революцияның» табысын көрсетумен әуре болады. 20-шы жылдардың ортасында Қазақстандағы ОДН-ның қатарында 77 800 мүшесі, 882 ұясы, 12 губерндік, 23 уездік бөлімдері болса, 1932-ші жылдың аяғында қазақ жұртының арасындағы сауаттылық 40%, орыс пен украин арасында - 64% болды. Автор 1940-шы жылы әр адамға үш кітаптан келді, ал көпшілік кітапханалардың саны 4 мыңға жуық болды, сонымен қатар 5 мың клубтар, театр, кино еңбекшілердің «мәдени деңгейін көтеруге қызмет етті» [18]- дейді. Осы «табыстарды» С.Б.Нурмухамедов, В.К.Савосько, Р.Б.Сулеменов жалғастыра отырып [19], олар 1929-шы жылы қабылданған латын алфавиті мен орфографиясы қазақ халқының «өмірлік негізіне, қазақ тілінің рухына» сай еместігін айтады, сонымен 1940-шы жылғы 10 қарашада жаңа орыс графикасына көшкенімізді көрсетеді [20]. А.Нусупбеков те өзінің қарастырып отырған тақырыбы ұлт мәселесі, тіл мәселесі болса да Совет өкіметінің тұсында өз билігі өзінде емес қазақ халқына «сен ұлт болдың»-дейді: «...ұлтқа тән негізгі белгілер (тіл, территория, экономикалық және мәдени бірлік) кеңестік кезеңде толық дамыды», «қазақ халқының жаңа, социалистік ұлтқа айналу процесін тездетті» [21]- деп көрсетеді. Соған сәйкес автор Қазақстанның Совет үкіметінің алғашқы бір декреті «қазақ тілін мемлекеттік тіл» ретінде мойындауы болды (1921-ші жылғы 2 ақпанда «Декларация прав трудящихся КАССР»-ға сәйкес ХКК-сі «О признании государственными языками на территории КАССР киргизского и русского языка» деген «декрет» қабылдады), «социалистік ұлт болып қалыптасу процессін жылдамдататын негізгі жағдай ол пролетариат диктатурасы» [22]- деп советтік билік тұсында ұлт болу тек қана күштеу арқылы, диктатура арқылы жүргенін жасырмайды. А.П.Кучкин болса сөздің басын тілден

бастайды, орыс және қазақ тілдерін ресми тіл деп жариялағанын айта отырып, алайда... «бұл декрет жөнді орындалған жоқ»- дей келе, ал «Қырғыз (қазақ) тілінде іс жүргізуді енгізу» жайлы декрет Қазақ ОАК-ті 1923 жылғы 22 қарашада шыққандығын, соңғы мерзімі 1925-ші жылғы 1 қаңтар болып белгіленгенін айтады [23]. Оның да орындалмағаны белгілі. А.Е.Ержанов та 1946-шы жылғы 1 шілдеде құрылған Ғылым Академиясы 20 ғылыми мекемелерді біріктіргенін, оны республикадағы «мәдени өмірдегі үлкен оқиға» деп бағалайды. [24]. Алайда оның өзге де мәдени революцияның «табыстарымен» қатар тек кеңестік идеологияның «шоқпары» болғанын, қазақ халқының қоғамдық санасының тар қалыпқа түсуіне, «мәңгірттенуінің» күшеюіне алып келгенін ескеру керек. Г.Ф.Дахшлейгер де жоғарыдағы авторлардың «табыстарын» жалғастырады. Ол қазақ халқына Совет өкіметі «силаған» реформаларының, өзгерістерінің шыңы болып табылатын (сонымен қатар алып келген қасіретінің де шыңы) ауылшаруашылығын коллективтендіру, индустриаландырудың «социалистік табыстары» ол «мәдени революциясыз» болмас еді; «30-шы жылдардың ортасында КСРО-да газет пен журналдар 100-ден аса тілде шығып, оның тиражы ондаған миллионнан асып түсті»,... деген секілді белгілі фактілерді келтіреді [25]. Г.Ф.Дахшлейгер сонымен қатар «...қазақ еңбекшілерінің таптық саналылығын көтеру мақсатында «патриархалдықтың» барлық қалдықтарын батыл қирату қажет еді. Партияның саясаты, қазақ совет мемлекетінің патриархалды-рулық институттармен, рулық идеологиямен күресі «аз зерттелгендігін» айта отырып, осы мәселеге байланысты бір ғана кітаптің, ол да шектеулі, жарық көргенін «өкінішпен» жазады (А.М.Мамутов. Преступления, составляющие пережитки патриархально-родового быта. А., 1965.) [26]. Ал сол «патриархалды-рулық институттар», «рулық идеология», олардың күйреуі қазақ ұлтының да күйреуі емес пе екен. Алайда автор өзінің еңбегінде кеңестік кеңестікте қалыптасқан «шетел буржуазиялық әдебиетке сын айтудың» [27] күшейгенін айта отырып, сол кездегі «мәдени революцияның» жетістігін, қалыптасқан қызметін троцкийшіл-ұлтшыл концепция ұстанған Г.Сафаровтың «Колониальная революция. Опыт Туркестана» (М., 1921.) [28] еңбегін, сонымен қатар 1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихын», 1947-ші жылы жарық көрген Е.Б.Бекмахановтың «Казахстан в 20-40-е гг. XIX века» деген еңбегін, 1949 жылғы 2 томдық «Қазақ ССР тарихы» еңбегінің 1-ші томын [29] сынға алу арқылы көрсетеді.

С.Е.Толыбеков «Развитие экономической науки в Казахстане за сорок лет» деген мақаласында Қазақстанның «қуатты индустриалды колхозды республикаға» айналуының себебіне барлық ғылым саласының «қарқынды дамуын» жатқызады [30]. Қазақ халқының негізі, түп қазығы «көшпелі шаруашылықты» (...негізінен дұрысы «көшпелі мәдениет шаруашылығы» шығар, себебі «көшпелі» мәдениет «шаруашылыққа» жатпайды) Совет өкіметі жан-жақты күйретіп жатқан кезде, 1927-1928-ші жылдары республикада бірнеше «ғылыми-өлкетану қоғамдары» жұмыс істеп, «бес үлкен еңбек»

шығарғанын, төрт орталық газет: «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі», «Жұмысшы», «Лениншіл жас»; жеті жергілікті газеттер шығып тұрғанын айта келе, үлкен мақтанышпен 1928-ші жылы - Абай атындағы қазақтың педагогикалық институтының, 1929-шы жылы – Алматының зооветеринарлық институтының,... ал жалпы 1937 жылы Қазақстанда 16 жоғары оқу орнының болғанын көрсетумен болады [31]. Бұл тұжырымдарға М.Шаумян (Партархив Казфилиала ИМЛ, 141қ., 2т., 161бс.б., 22-26п.) [32], С.Баишев [33], А.Ержанов [34] (ПА Казфилиала ИМЛ, 708 қ., 30 т., 20 с.б., 282 п.) [35], М.С.Джунусов, М.Сужиков, Д.Кшибеков, Г.Сапарғалиев [36] қосылады. Ал соңғы авторлар болса социалистік мәдени революцияның «заңды нәтижесі ретінде», кекеткендей, «ұлттық интеллигенцияның» құрылғанын айтады [37]. Яғни, «ұлт мәселесінің» соншалықты бұрмаланғаны сондай, кеңестік кезеңде «ұлт қайда», «жұмысшы табының, пролетариат тұсындағы» ұлт дегеніміз не, қазақ ұлты «ұлтқа жата ма» деген деген көптеген сұрақтар пайда болды. Оның да негізгі себебі сол қазақ ұлтын емес, қайткенде «совет өкіметін», «большевиктер билігін», «пролетарлық диктатураны», «интернационализмді» «социалистік құрылысты», оның идеяларын нығайту болатын.

Большевизмнің негізгі бағдарламасын қысқаша келтірсек, онда мынадай заңдылық көзге түседі: **біріншіден**, егер «мәдени» саланы айтар болсақ, онда алдымен қазақ халқын сен «артта қалған», «сауатсыз, қараңғы» халықсың, сенде оқу орындары, кітапханалар, клубтар, газет, журналдар... «жок»- дейді. Осы тұжырымдарды кеңестік тарихшылар Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарына дейін жан-жақты «дәлелдеумен» келді. **Екіншіден**, мынадай қорытынды шығады: ...егер қазақ халқы сондай «қараңғы», «сауатсыз», надан болатын болса ...оған міндетті түрде «**қарымсыз көмек**» («гарантированную бескорыстную помощь отсталым, слаборазвитым нациям со стороны передовых, высокоразвитых наций»...) [340] керек, басқаша айтсақ «артта қалған» қазақ халқын мәдени, шаруашылық, өнеркәсіп салалары бойынша алға, «коммунизмге» қарай «сүйреу» қажет болатын. **Үшіншіден**, осы айтқандардың заңды қорытындысы: советтік реформалар «қажет болатын»- деген жалған тұжырым қалыптасты.

[1] А.С.Елагин. Социалистическое строительство в Казахстане в годы гражданской войны (1918-1920). А.:Наука, 1966. 202-203 бб.

[2] К.Нурпейсов. Советы Казахстана в борьбе за упрочение власти рабочих и крестьян. А.:Наука, 1968. 147 б.

[3] С.Баишев. Победа социализма в Казахстане (очерки по истории и истории вопроса). Изд. АН КазССР. А., 1961. 225 б.

[4] сонда 232 б.

[5] Р.Б.Сулейменов, Х.И.Бисенов. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. А.:Наука, 1967. 5-6 бб.

[6] (М.П.Ким. Коммунистическая партия - организатор культурной революции в СССР. М., 1955, соныке. 40 лет советской культуры. М., 1957.; К.П.Абросенко. Рост культуры советского общества. М., 1958.; Г.Г.Карпов. Партия и культурная революция в СССР. М., 1957.; С.М.Ковалев. Коммунистическая воспитание трудящихся. М., 1960.; А.И.Арнольдов. Социализм и культура. М., 1962. т.б.).

- [7] С.Баишев. Победа социализма в Казахстане (очерки по истории и истории вопроса). Изд. АН КазССР. А., 1961. 240 б.
- [8] Р.Б.Сулейменов, Х.И.Бисенов. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. А.:Наука, 1967. 4 б.
- [9] сонда 27-28 бб.
- [10] сонда 28 б.
- [11] М.Сужиков. Социально-экономические проблемы национальной консолидации. Из опыта перехода казахского народа к социализму, минуя капитализм. А.:Наука, 1968. 23 б.
- [12] сонда 6 б.
- [13] сонда 32 б.
- [14] Р.Б.Сулейменов, Х.И.Бисенов. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. А.:Наука, 1967. 79 б.
- [15] Ю.И.Романов. Военная и экономическая помощь центральной России Казахстану в 1919-1920 гг.// Из истории социалистического строительства в Казахстане. Труды инс-та ист., арх. и этн. АН.КазССР. том 9. А., 1960. 107-108 бб.
- [16] Р.Б.Сулейменов. Из истории борьбы за ликвидацию неграмотности в Казахстане. (1933-1940 гг.)// Из истории социалистического строительства в Казахстане. Труды инс-та ист., арх. и этн. АН.КазССР. том 9. А., 1960. 110 б.
- [17] сонда 113 б.
- [18] С.Баишев. Победа социализма в Казахстане (очерки по истории и истории вопроса). Изд. АН КазССР. А., 1961. 244 б.
- [19] Очерки истории социалистического строительства в Казахстане (1933-1940). А.:Наука, 1966./ С.Б.Нурмухамедов, В.К.Савосько, Р.Б.Сулеменов. 72-73 бб.
- [20] сонда 265 б.
- [21] А.Нусупбеков. Великий Октябрь и консолидация казахского народа в социалистическую нацию.//Известия АН КазССР, сер.общ. 1967, №5. 19 б.
- [22] сонда 20 б.
- [23]. А.П.Кучкин. Советизация казахского аула. Изд. АН СССР. М., 1962. 312-313 бб.
- [24] А.Е.Ержанов. Осуществление ленинской национальной политики в Казахстане в 1953-1958 годах. Автореферат. к.и.н. А., 1961. 6 б.
- [25] Г.Ф.Дахшлейгер. Октябрь и угнетенные народы царской России. Изд. Знание. М., 1967. 32,33,35 бб.
- [26] Г.Ф.Дахшлейгер. Проблемы национально государственного строительства Советского Казахстана в современной исторической литературе.//Известия АН КазССР, сер.общ. 1967, №4. 11 б.
- [27] Г.Ф.Дахшлейгер. Основные этапы развития исторической науки в советском Казахстане.// Вопросы истории. №10, 1964. 4 бет. (Н.Сагындыков. Правда сильнее лжи.// «Партийная жизнь Казахстана», 1959, №6; Г.Дахшлейгер, А.Турсунбаев, Ш.Шафиро. Правда об освоении целины и домыслы буржуазных фальсификаторов.// «Партийная жизнь Казахстана», 1959, №12; А.Турсунбаев. Против буржуазной фальсификации истории советского Казахстана. А., 1963. т.б.)
- [28] сонда 5-6 бб.
- [29] сонда 10-11 бб.
- [30] С.Е.Толыбеков. «Развитие экономической науки в Казахстане за сорок лет»// Наука Советского Казахстана. 1920-1960. Изд. АН КазССР, А., 1960. 544 б.
- [31] сонда 548-549 б.
- [32] М.Шаумян. От кочевья к социализму. А.:Казахстан, 1965. 182 б.
- [33] С.Баишев. Торжество ленинских идей в Казахстане. Изд. АН КазССР. А., 1960. 62 б.
- [34] А.Ержанов. Успехи национальной политики КПСС в Казахстане (1946-1958 гг.). А.:Наука, 1969. 34 б.
- [35] сонда 128-129 бб.
- [36] О закономерностях перехода народов ранее отсталых стран к социализму (на примере казахского народа). А., изд. АН КазССР, 1961./ С.Джунусов, М.Сужиков, Д.Кшибеков, Г.Сапарғалиев. 153 б.
- [37] сонда 164 б.
- [38] Н.Джандильдин. Коммунизм и развитие национальных отношений.// Мысль, 1964. 7, 18 бб.